

Ойыл

**ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ
АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ
АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫН ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ
25 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ**



Қымбатты жерлестер!
Еліміздің Ата Заңы Қазақстанның жетістіктерінің берік кепіліне айналды. Тіпті қиындықтарға қарамастан біз экономикалық өсіміз және қоғамның әл-ауқатының артуына қол жеткізіп, елімізде тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді қалыптастырдық.

Әкімшілік және құқықтық реформалар, жергілікті өзін-өзі басқаруды қамыту, әлеуметтік жаңғырту – мыңның бәрі берік конституциялық негізде жүзеге асырылуда және халықтың өмір сүру деңгейін одан әрі қалыптастыруға бағытталған. Біздің сыртқы саясаттағы жүйелі бастамаларымыз Қазақстанның халықаралық беделінің қайы өсуін қамтамасыз етуде. Әкімшілік және құқықтық реформалар, жергілікті өзін-өзі басқаруды қамыту, әлеуметтік жаңғырту – мыңның бәрі берік конституциялық негізде жүзеге асырылуда және халықтың өмір сүру деңгейін одан әрі қалыптастыруға бағытталған. Біздің сыртқы саясаттағы жүйелі бастамаларымыз Қазақстанның халықаралық беделінің қайы өсуін қамтамасыз етуде.

Конституциямыздың мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, сондай-ақ жеке өзіміз, отбасымыз бен балаларымыз үшін маңыздылығын әрқайсымыздың жете білетініміз қажет. Сондықтан әрбір азамат конституциялық құқықтарын біліп, сол заңдарды ұстануы керек.

Тәуелсіздік жылдарында біздің Конституциямыз өзінің кемелділігін көрсетті. Еліміздің Негізгі Заңы елдің дамуына ғана емес, Қазақстан қамының басты шарты болып қала берді. Конституция талаптарының орындалуы – мемлекет қамы мен қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі.

Құрметті ойылдықтар!

Міне, 25 жыл өткен кезде төл Конституциямыздың басты ережелері мен тармақтары аясында азаматтардың елімізде өмір сүру мен еңбек ету және демалу мен денсаулықтарын қиып сапасы әлдеқайда жақсара түскені кәміл. Сонымен бірге осы уақыт аралығында ұлтқа пайдасын тигізсе алатындай тиімді экономика тетіктері жасақталып, демократиялық қоғамның негіздері қаланып, Ата-Заңымыздың тигізген шапағаты қуыға толық негіз бар.

Баршаңызға мықты денсаулық, амандық-саулық, молшылық, ашық аспан мен Отанымыз – Қазақстан Республикасының әлдеқайда тиімділігімен! Көк туымыз көктем түспей, Конституциямыз өміршең болсын!

Құрметпен Ойыл ауданының әкімі
Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

БАРҚЫН ҚҰМЫ ЭКОТУРИЗМГЕ СҰРАНЫП ТҰР

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ» ЖОЛДАУЫНДА ТУРИЗМНІҢ, ӘСІРЕСЕ, ЭКО ЖӘНЕ ЭКОТУРИЗМНІҢ ДАМУЫНА ЭКОНОМИКАНЫҢ МАҢЫЗДЫ САЛАСЫ РЕТІНДЕ ЕРЕКШЕ КӨНІЛ БӨЛУДІ ТАПСЫРҒАН БОЛАТЫН.

Осы орайда өткен сенбіде ауданымызға Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы туризм бөлімінің басшысы Әуез Арызғұлов бастаған бір топ блогерлер арнайы келді. Экотуризмді дамыту мақсатында тарихи жерлерге экскурсия жасаған блогерлер алдымен аудан орталығындағы Ойыл аудандық мешітіне бас сұғып, құран бағыштады. Одан кейін сауда үйлерін аралап, комитет ғимараты мен бай көпес Красавиннің үйінің тарихымен танысты. XIX ғасырда бой көтерген тарихи ғимараттардың тарихынан мағлұмат алған блогерлердің біздің аймақтың тарихына деген қызығушылығы жоғары болды. Экотуризм дегеніміз еліміздегі туризмнің дамуын қарқынды жолға қоятын бірден-бір бағыт. Сондықтан тарихи жерлерді насихаттауда блогерлердің де еңбегі шексіз. Тарихи ғимараттардың тарихынан сыр шерген Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің ғылыми қызметкері Дулат Исабаев блогерлерге біздің аймақтың тарихынан кеңінен



мәлімет берді. Аталған топпен бірге жүрген аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев киелі Көкжар жерінің қойнауы тарихтан кенде еместігін жеткізіп, барша блогерлердің

жұмысына сәттілік тіледі. Экскурсия әрі қарай ақ тарының атасы Ш. Берсиевтің кесенесі мен Барқын құмында жалғасты. Барқын құмының табиғатына сүйсінген блогерлер

«Барқын құмының» экотуризмге сұранып-ақ тұрғанын алған әсерлері арқылы жеткізді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ПРАЙМЕРИЗ - МЕЖЕ МЕН МҮМКІНДІКТЕР



көсібі қызметінде, қоғамдық өмірінде жетістіктері бар партия мүшелері қосылуы керек. Болашақ үшін нағыз маман, ерекше, жан-жақты және талантты азамат пен азаматшаларды таңдайды деп сенемін.

А. МАМБЕТОВА,
«Көкжар-Керуен» бастауыш партия ұйымы төрайымы,
Саяси Кеңес мүшесі.

Партиялық бастамалар бүгін өте өзекті. Бүгінгі таңда әлеуметте азаматтардың дүниетанымы күн сайын өзгеруде, адамдар мобильді бола бастады, әлеуметтік желілер үлкен ақпарат ағынын түсіріп жатыр. Осыған байланысты жаңа кадрлар қажет - ХХІ ғасырдың шығармашылық, заманауи, тенденциялары, оларды стандартты емес тәсілдермен шеше алатындай адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру. Мұның бәрі бүгінгі жетекші «Nur Otan» партиясының мақсаты. Бұл - елімізде жүргізіліп жатқан Саяси реформа. Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарға білікті, жауапкершілігі мол депутат таңдау тәсілі. Партиялық квотаға партияның белсенді, танымал, партия да көп жылдық еңбек етілі бар, халықтың сенім білдіретін

ПРАЙМЕРИЗГЕ ІШКІ ІРІКТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ



Өткен аптада «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы ғимаратында ұйымдастыру комитетінің қатынасуымен ішкі іріктеу жұмыстары басталды. Онда праймериз ережесіне сәйкес үміткерлердің қажетті құжаттары тексеріліп, толыққанды қаралды. «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәкен Займолдин партия атынан аламанға түсетін белсенді көшбасшыларды іріктеу үшін өділ тұр-

де бірлесіп жұмыс жасауға шақырды. Аудан бойынша «Nur Otan» партиясы праймеризіне қатысуға 25 адам ниет білдірді. 25 үміткердің 15-і өзін-өзі ұсыныс, 10 үміткерді бастауыш партия ұйымы ұсынып отыр. Олардың арасында немісқандылар мен жастардың талабы жоғары. Айта кетсек, үміткерлерді тіркеу кезеңі 28 тамызға дейін жалғасады.

Өз тілшіміз.

ІЛГЕРІ ҚАДАМНЫҢ ҮЛГІСІ

ПРАЙМЕРИЗ – ПАРТИЯЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ЕҢ ОҢАЙЛЫ ӨДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ЖӘНЕ ТИІМДІ ИДЕЯНЫ ЖИНАҚТАЙТЫН ӘРІ КӨШБАСШЫ БОЛА АЛАТЫН АЗАМАТТАРДЫ ТАҢДАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ТИІМДІ ЖҮЙЕ.



қатарына өзіндік ойы бар батыл адамдарды мүшелікке қосып көмектеспек. Кез келген кандидаттың мақсаты – өз сайлаушыларына ол болашақта Мәжілістегі немесе мемлекеттік қараларға фракция құрамында осы бағдарламаны іске асыруға өз үлесін қоса алатындығына сендіруі керек. Сондай-ақ, депутат болғысы келетін кез-келген адам партияға кіре алады және жалпы сайлауда партиялық тізімге ене алады. Сондықтан енді жарыс орталықта да, жергілікті қауымдастықтарда да қызу жүретін болады. Ал партия үшін түрлі әлеуметтік топтардың мүдделері мен сұраныстарын ескере отырып, партиялық тізімдерге үміткерлерді іріктейтін сүзгі түрінде болады. Қазіргі өзгеріп, жаңарып отырған қоғамдық талаптарды ескеріп, соған орай өрекет етуде праймериз өдісі дер кезінде таңдалып отыр.

Партия төрағасы, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам - Nur Otan партиясының 7 серпіні» атты партия жұмысын жүйелі жаңғырту бағдарламасына сәйкес туған өлкесінің болашағы үшін бар күш-жігерін жұмсайтын нағыз жанашыр, шынайы патриоттарды праймеризге қатысуға шақырамын!

Мінсізбай ЖАЙЛЫБАЕВ,
Ақшатау негізгі орта мектебінің мұғалімі.

Газетіміздің келесі саны 2 қыркүйек, сәрсенбі күні жарыққа шығады.



Қызыл Ай қоғамына аз қамтылған көп балалы отбасылар, жалғыз басты аналар, жетімдер, зейнеткерлер көмек алу үшін жүгінеді. Көмек түрлері киім-кешек, азық-түлік түрінде көрсетіледі. Ұйым бұқаралық-сауықтыру, санитарлық-профилактикалық және эпидемияға қарсы жұмыстарды жүргізуде. Денсаулық сақтау органдарының бірінші көмекшісі болып табылады. Елімізде орын алған төтенше жағдайларға алғаш болып көмек қолын созғандардың бірі - Қызыл Ай Қоғамы. Қызыл Ай жаппай ерікті азаматтардан құрылған ұйым. Сондай-ақ, денсаулық сақтау органдарына

халықтың денсаулығын сақтауда көмек көрсетеді. Осы орайда ұйым директоры Нұрлан Үдербай Ойыл аудандық аурухана қызметкерлеріне алғысын білдіріп, Қызыл Ай қоғамы атынан арнайы алғыс хат тапсырды. Сонымен қатар, оқушылардың білімге бетбұрысы мен сапауатты өмір салтын ұстануда түрлі шараларға қолдау білдіріп жүрген ұйым ауданның білім бөліміне де ерекше алғысын білдірді. Бүгінде елімізде орын алған пандемияға қарсы халықтың сақтық шараларына баса назар аударуға шақырады.

- «Бізді халықтың денсаулығы

алаңдатады. Әлемді жайлаған вирус елімізде де өз кесірін тигізіп жатыр. Жақынынан айрылып жатқан азаматтар қаншама? Мен Қазақстан халқының жақынына жанашыр болып, карантин талаптарын толық орындауға шақырамын. Сонымен қатар, Қызыл ай қоғамының мүмкіндіктері өте көп екендігін айтқым келеді. Мәселен он жастағы жартылай жетім балаларға 18 жасқа толғанша қор атынан ақшалай көмек беріледі. Үйлері өртке орған көп балалы отбасыларға үйін қайта тұрғызу үшін арнайы құрал жабдықтармен қамтамасыз ету арқылы көмек бере-

міз. Осы сынды өзге де көмек беру шараларын білу үшін Облыстық Қызыл Ай Қорының филиалына келсеңіздер болады. Осындай ақпараттармен аудан, ауыл халқы көп жағдайда бейхабар болып жатады. Сол үшін ауданнан құрылған қордың ерікті жастарына хабарласуға болатындығын айтқым келеді. Біздің қор өрдайым көмекке мұқтаж жан-дарға қол ұшын беруге дайын», - дейді Нұрлан Үдербай. Қызыл Ай қоғамы құрылған сөттен бері тұрғындарға азық-түлік, киім-кешек, дәрі-дәрмек жағынан көп көмек көрсетіп келеді. Оның ішінде облыстық филиал тарапынан қыруар шаруа тындырылды. Елімізде, аймақта орын алған төтенше оқиғалар кезінде облыстық қоғам үнсіз қалған емес. Сондай-ақ түрлі қайырымдылық шаралары мен акциялар ұйымдастырылады. Соның бір көрінісі биыл Ақтөбе облысы аумағында карантин режимі енгізілген кезде, Облыстық филиал аурухана қызметкерлеріне көп көмек көрсетті. Сонымен қатар өтініш қалдырған 29 отбасыға 150 мың теңге азық-түлікпен қамтамасыз етті. «The Coca-Cola Fjundaion» қолдауымен Ұлттық сараптама орталығы Ақтөбе филиалына Covid-19 инфекциясы бойынша сараптама алудың алғаш 2 500 000 теңге тұратын медициналық құрылғылар соның ішінде реагенттер мен тампоны - зонды табыстаған. Облыстық филиалдың еріктілері осы сынды өзге де көмектерді шалғай ауылдардағы мұқтаж жан-дарға ұсынуға қашан да дайын екендіктерін, ерікті азаматтардың қатарға қосылып игі істі Қызыл Ай қоғамымен бірлесіп атқаруға шақырды.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ

ДАҰЫНДЫҚ ПЕН ҚАЖЕТТІЛІКТЕР



Бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – тәуелсіз мемлекетіміздің уығы боп қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде. Балалар мен жастар тәрбиесінің болашағы – оларды адамгершілік – рухани жағынан нағыз адам етіп қалыптастыру керек. Сонда ғана жеткіншек, нағыз толыққанды тұлға айналады.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ
Мектепке дейінгі ұйымдарда -989 бала тәрбиеленуде. Мамыр айы мен маусымның басында бөбекжай-бақшаларда кезекші топтар жұмыс жасады. Бұл жерлерде санитарлық-гигиеналық жұмыстар үздіксіз жүргізілді. Балабақша кезегінде 320 бала тұр. Ойыл селосындағы жеке кәсіпкер А. Займолдина салып жатырған балабақша 2020 жылы күзде пайдалануға беріледі деп күтілуде. 50 бала қабылданады деп жоспарланып отыр. Қазіргі кезде құрылыстың 90 пайызы аяқталып, сырлау жұмыстары жасалынып жатыр. Балабақша іске қосылған уақытта балалар кезегінің 85 пайызы қамтылады деп күтілуде.

3-6 жас аралығында балалардың мектепке дейінгі оқу-тәрбиемен қамтылуы-100 пайыз, 1-3 жас аралығындағы балалардың қамтылуы - 84 % (балабақшалардың ересек тобының мектепке шығарылып, жаңа топтың қабылданбауына байланысты) құрайды. Карантин уақытындағы шектеулер бөбекжай бақшаларда толық сақталып, тәрбиешілердің барлығы қашықтық режимінде жұмыс жасады.

17 тамыздан бастап балабақшалардағы кезекші топтар өз жұмысын бастады, дегенмен балалардың денсаулығы басты назарға қойылып, қатаң қадағаланып отыр. Бөбекжай

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР, АТА-АНАЛАР, ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ!!!
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢІН ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ТЕНДЕНЦИЯСЫНАН БӨЛІП ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ. БҰЛ ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ҚАТЫНАСТЫҢ КҮШЕЙЕ ТҮСУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ ДА КӨПТЕГЕН ЖАҢАЛЫҚ-ТАРҒА ТОЛЫ. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА БОЛЫП ЖАТҚАН КЕҢ ШЕҢБЕРДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ПЕДАГОГТАРЫМЫЗҒА ЕЛІМІЗДІҢ БІЛІМДІ, САНАЛЫ ЖАСТАРЫН ТӘРБИЕЛЕУШІЛЕРГЕ ҮЛКЕН МІНДЕТ ЖҮКТЕРІ СӨЗСІЗ. ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ЖАҢАША ОЙЛАУЫН, ОЛАРДЫҢ БІРТҮТАС ДҮНИЕТАНЫ-МЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА, ӘЛЕМДІК САПА ДЕҢГЕЙДЕП БІЛІМ, БІЛІК НЕГІЗДЕРІН МЕҢГЕРУІНЕ ҮҚПАЛ ЕТЕТІН ЖАҢАША БІЛІМ МАЗМҰНЫН ҚҰРУ – ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ. ПЕДАГОГТАР ҚАУЫМЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ТЕЗ МЕҢГЕРІП, ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫН ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ДАЙЫН.

5 мектептің әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы, аз қамтылған 400 отбасы балаларын интернетпен қамтамасыз ету мақсатында USB модем алуға облыстық білім басқармасына сұраныс берілді.

Жергілікті бюджеттен 81 компьютер, облыстық бюджеттен 600 компьютер бөлініп жатыр.

2020-2021 оқу жылына 1класқа -13 қағаздай, 373 электронды барлығы 386 оқушы қабылданды. 1класқа бала

Оқулықтарды тасымалдауға 1 800,0 тг. бөлінді. Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы конкурс жарияланып ИП «Жалғас» Алибекова Г.В **490 000** тг. ұтып алды. 5 тамыздан 18 тамыз аралығында баспалардан тиеліп ауданға жеткізу жоспарлануда.

Ағымдағы жылы 18 маманға 4 млн 771,8 мың теңге көтерме жәрдемақы, 12 маманға тұрғын үй сатып алу үшін 46млн.113,9 мың теңге кредит берілді. Ата-анасының қамқорлығынсыз

жабдықталған мультимедия , биология, химия, робототехника 4 пән кабинеті алынды

2020-2021 оқу жылының күзгі – қысқы жылыту маусымына дайындық жүргізілуде. Білім беру ұйымдарының 4 мектебі- электр қуатымен, 3 мектеп-газбен, 11 мектеп қатты отын (көмірмен), 3 мектеп сұйық отынмен (дизельмен) жылытылады. 1мектеп Екпетал мектеп балабақшасын электр қуатына, Тайсойған негізгі мектебін газбен



қабылдау жоспары толықтай орындалды.

2019-2020 оқу жылының 3290 оқушы аяқтап нәтижесінде 9 класс түлектерінің -30 оқушысы ерекше аттестатпен, 11класс түлектерінің - 28 оқушысы Алтын белгімен, 2 оқушы қызыл аттестатпен оқу жылын аяқтады.

Жалпы екілiндi - 1005 оқушы, озат - 991 оқушы.

11 класты -182 оқушы бітіріп, 168 ҰБТ – ге қатынасты. 65 оқушы мемлекеттік грант иегері, 67 оқушы ақылы түрде жоғары оқу орнына, 21 оқушы колледждерге құжаттарын тапсырды. Ағымдағы жөндеу жұмыстары

қалған, жетiм - 9, патронаттық тәрбиеде - 1 бала бар. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 1 патронаттық тәрбиесiз балаға (Жұмбергенов Алтынбек) коммуналдық тұрғын үй берiлдi.

МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗА

23 мектеп, 7 балабақша ғимараттарын бейнекамералармен **толық қамту шаралары аяқталды**. Балалардың қауіпсіздігіқамтамасыз ету үшін бюджеттен 6,9 млн. теңге бөлініп, 15 мектепке туникеттер орнатылды. Мектептерде ішкі деретханалар толықтай іске қосылып тұр.

Қараой МББ ның балабақша ғима

жылытуға көшіру үшін құжаттары жасакталуда.

2020-2021 жылға от жағу маусымына қатты отын қажеттілігі 295,7 тонна, бір тонна бағасы 23306 теңге, барлығы 68 815 626.2 теңге. «Милениум-Запад» ЖШС-пен келісім шартқа отырды. Тасылу мерзімі 2020 жылдың 1 қазанына дейін. Қазіргі таңда 500 тонна көмір тасылды. Сұйық отын қажеттілігі 162 тонна. Мемлекеттік сатып алу веб порталы қорытындысы бойынша жеңімпаз «KOSTANAY ECO OIL(КОСТАНАЙ ЭКО ОЙЛ)» ЖШС, бір тонна қысқы дизель отынының бағасы 169 642,85 теңге деп айқындалды. Қазыргі уақытта 108864 тонна тасылды. Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі MM, Ойыл ауданындағы жалпы білім беру ұйымдарына санитарлық (дезинфекция, дезинсекция, дератизация) қызметтерді жүргізу үшін Мемлекеттік сатып алу веб порталы қорытындысы бойынша жеңімпаз «Био-санитария» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Дезинфекция» Ақтөбе облыстық бірлестігі» жеке медициналық мекемесі, «Сан Эко» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі деп танылды. Дезинфекция ай сайын жасалынып отыр.

ҚАЖЕТТІЛІК

Жаңа 2020-2021 оқу жылын мектептеріміз 707 педагогикалық қызметкермен бастағалы отыр. Білім беру ұйымдарын қажетті мамандармен қамту мақсатында облыстық білім басқармасы, Қ. Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік университетімен жұмыстар жасалынды. Алайда өлі де ауданымызға орыс тілінде сабақ беретін математика пәні мұғалімі, бастауыш сынып мұғалімі, география пәні мұғалімдеріне қажеттілік бар.

Барша ұстаздар мен ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын! Биылғы оқу жылы ерекше өзгерістермен басталғалы отырғандықтан ұстаздар мен ата-аналарымызға денсаулық, шығармашылық, сабырлылық пен жетістіктер тілеймін.

С. МЕРУЕНОВ,
Ойыл аудандық білім,
дене шынықтыру
және спорт бөлімінің басшысы.



бақшалардың барлығы дерлік бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілген.

ОРТА БІЛІМ

Аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөліміне қарасты 23білім беру ұйымының 2020-2021 оқу жылында 5 мектебі (Ойыл қазақ орта мектебі, Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназия, Ж. Жүсіблиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі, Ш. Берсиев атындағы орта мектеп, Құрман орта мектебі) қашықтықтан - 1844 оқушы, 18 мектеп - 1476 оқушы санитарлық ережені сақтай отырып дестүрлі оқу жүйесі арқылы білім беру жоспарлануда.

Қашықтан оқытылатын 5 мектептің 681 оқушысына компьютер, 681 оқушысына интернет желісінің қажеттілігі туындап отыр. Қашықтықтан оқытылатын 5 мектептің екі мектебі Құрман ОМ, Ш.Берсиев ОМ оқу процесінде пайдаланылатын платформаларға интернеттің жылдамдылығының төмендігінен қосыла алмайды. Алдағы уақытта осы елді мекендердің интернет желісінің жылдамдылығын көтеру мәселесі маңызды.

Дестүрлі оқытылатын 18 мектепке санитарлық нормаларды сақтау мақсатында қажетті құралдар мен заласыздандыру заттары алынып мектептерге таратылды.

Оқушыларды санитарлық ереже сөйкес оқушыларды орналастыру барысында 67 класс екі топқа бөлініп оқитындығы анықталды. Сабақ 1 кластар үшін сатылы түрде, ал 2-11кл. 40 минуттан өткізіледі. Әр екі сабақтан соң 15 минут үзілісті дезинфекция жүргізіледі. Ауыымдар арасында оқу кабинеттері дезинфекция жасалып, кварцпен заласыздандыру жұмыстары жүргізіледі. Қашықтықтан оқитын

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ - ЖАҢА ЖАБДЫҚТАЛҒАН МЕКТЕПТЕ!



XXI ғасыр - жаңа технологиялар мен жаңа білім беру ғасыры. Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Білім алушыларға бүгінгі заман талабына сай білім беру үдерісін жүзеге асыратын білім ордасы – мектеп. Олай болса, мектептің заманауи талаптарға лайық болуы қажет. Осыған орай, бюджеттен қаражат бөлініп, мектептердің сапалы білім мен саналы тәрбие беруге лайықты болуына көңіл бөлінуде.

А. МАЙҚАНОВ,
Қараой мектеп балабақшасының директоры.

КЕЗЕКШІ ТОПТАР ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Еліміздегі төтенше жағдай мезгілінде енгізілген шектеу шараларының ішінара тоқтатылуына байланысты, мектепке дейінгі ұйымдарда кезекші топтар ашу жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынууда. Осы орайда, «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да 2 кезекшілік топ өз жұмысын бастап кетті.

2-3 жас аралығындағы балалар 1 топқа жинақталса, 2-ші топқа 3-5 жас аралығындағы балалар топтастырылды. Бірінші кезекте ата-аналары жұмыстағы балалар қабылданып, қалған балалар ата-аналарының қалауы бойынша жинақталды. Ата-аналар мен тәрбиешілерге ертеңгілік балаларды қабылдау мен кешкілік тарату кезіндегі сақтық шараларын қатаң қадағалау түсіндірілді. Мекемеде санитарлық жағдай талапқа сай ұйымдастырылуда.Топ бөлмелерін уақытымен кварцтеу, жиі-жиі желдету, ылғалды жинастыру шаралары жүйелі түрде орындалуда. Жұмсақ төсек орындарын дезинфекциялау жұмыстары жүргізілді.

Жатын бөлмелердегі балалардың қызығушылығын орындауындағы ара қашықтықтары сақталынып, балалардың денсаулығын сақтау басты назарда ұсталады.



А. МЫРЗАҒАЛИЕВА,
«Жолшы» бөбекжай бақшасының меңгерушісі.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН!



Ауданымыздағы қосымша білім беретін ұйымдардың бірі Ойыл аудандық балалар музыка мектебі жаңа оқу жылын негізінен қашықтан өткізеді деп күтілуде. Алайда үй жағдайында аспаптары жоқ, техникалық құралдармен қамтылмаған балалардың ата-аналарының жазбаша өтініштері негізінде жекелеген сабақтар санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып дестүрлі түрде өткізілетін болады. Биылғы жылы музыка мектебіне демеушілікпен жаңа ғимарат салынууда. Қазіргі таңда ғимараттың ішкі өрлеу жұмыстары жүргізілуде. Ғимарат қолданысқа қыркүйек айында беріледі деп жоспарланған.

Жазғы демалысты балалардың тиімді әрі танымды өткізуі үшін арнайы жоспар бекітіп, әлеуметтік желілер арқылы түрлі конкурстар мен байқаулар, шеберлік сағаттары, виртуальды саяхаттар мен танымдық видеороликтер мен анимациялық фильмдерді және тәрбие сағаттары жүйелі өткізіліп тұрды.

Қазір жаңа оқу жылына мектепке өнерге қабілетті оқушыларды қабылдау басталды. 5-10 жас аралығындағы оқушылар өз қабілеттерін қарай домбыра, кобыз, фортепиано, эстрадалық вокал, хор, хореография, дестүрлі өн кластары бойынша білім ала алады. Құжат қабылдау жұмыстары мектептің Shkola.muzyka@mail.ru электронды поштасы және 87712913438 WhatsApp желісі арқылы жүзеге асырылады.

Л. САБИРЖАНОВА,
Ойыл балалар музыка мектебінің директоры.

ҚАШЫҚТАН БІЛІМ АЛУҒА ДАЙЫНБЫЗ!



2020-2021 оқу жылында Құрман орта мектебінде 218 оқушы, оның ішінде 1 сыныпта 14 бала білім алады. Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты оқу жылының бірінші тоқсаны қашықтан өтеді. Бастауыш сынып оқушылары үшін, ата-аналардың өтініші негізінде, қатаң санитарлық талаптарды сақтай отырып, кезекші сыныптар ашылады. Кезекші сыныптарға өтініштер қол жетімді байланыс құралдары арқылы электронды түрде қабылданды. Кезекші сыныптар екі ауысымда дәріс алады. 5-11 класс оқушылары қашықтықтан білім алу форматына көшуіне байланысты ең алдымен мектептегі 148 оқушы мен 36 педагогі дербес ақпараттық техникамен қаншалықты қамтамасыз етілгендігі туралы, интернет жүйесіне қосылу мүмкіндіктері туралы ақпарат жинақталды. Оқушыларымыздың 33 пайызы компьютерлік техника, 67 пайызы смартфон құрылғысы арқылы қашықтықтан білім алуға дайын. Мектепте 4-5 баласы оқитын көп балалы отбасыларына мектептен ноутбуктер таратылып берілді. Мектеп оқушылары толық оқулықтармен қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда мектепте 36 педагог жұмыс жасайды, олардың барлығы да қашықтан жұмыс жасауға дайын. Биылғы жаңа оқу жылы педагогикалық кадрлар қатары екі жас маманмен толықты. Қашықтықтан оқытуды жүйелі ұйымдастыру және қолдау мақсатында педагогтер, оқушылар, ата-аналарға толықтай түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жаңа оқу жылының жақсы жаңалығы - мектебіміз заманауи күрделі жөндеуден өтті.

Нұрлыгүл ТАУШАНОВА,
Құрман орта мектебінің директоры

ОҚУЛЫҚ ЖЕТКІЛІКТІ, МҰҒАЛІМДЕР ДЕ ДАЙЫН!

Елімізде орын алып жатқан карантиндік шараларға қарамастан Ұлалар жаңа оқу жылының басталуын ерекше күтуде. Үздіксіз білім беруді қамтамасыз етуде жаңа оқу жылына дайындық қарқыны жүргізіліп жатыр. Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназия 2020-2021 оқу жылын 70 мұғалім, 429 оқушымен бастағалы отыр. 429 оқушының 210-ы бастауыш класс оқушылары. 1-4 класс оқушылары ата-аналарының (балалардың заңды өкілдерінің) басым бөлігі «кезекші класта» білім алуға өтініш берді. Соның негізінде бастауыштың 11 класы штаттық режимде білім алатын болады. Бала саны 15-тен асқан кластар 2 топқа бөлініп, «кезекші кластарда» оқиды. Штаттық сыныптарда дүйсенбі мен бейсенбі аралығында негізгі сабақтары өтетін болса, қалған пәндері жұма-сенбі күндері қашықтан өтеді. «Бір класс – бір мұғалім» қағидасын қатаң басшылыққа ала отырып, «кезекші кластар» барлық санитарлық және эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып жұмыс жасайды. Балалар мен педагогтар және басқа да жұмысшыларға арналған сақалық режим сақталды. Ал, 5-11 класс аралығындағы 219 оқушы қашықтан оқиды. Арнайы сабақ кестесі шығып, екі ауысымда оқытылады. Қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін біздің мектеп зоом интернет-платформасын таңдады. Бұл жөнінде барлық оқушылар мен ата-аналарға хабардар етіліп, мектеп таңдаған интернет-платформаның функционалдық мүмкіндіктері туралы түсіндірілді. Қосымша бейнесабақтар мен сабаққа керек мәліметтерді «bilimland», т.б. платформалардан алады.

Мектебіміздегі білім алушылардың қашықтан оқыту түріне мүмкіндігі қарастырылып, қолдарында компьютер, моноблок, планшет, смартфондары бар-жоғы, интернетке қолжетімділігі анықталды. Қашықтан оқуға қажетті ресурсы жоқ аз қамтылған, көп балалы, АӘК алатын, яғни жоғарыдағы аталмыш санатқа жататын отбасындағы 40 оқушыға мектеп балансындағы ноутбук-компьютерлер уақытша берілді. Қазіргі таңда жаңа форматта оқыту түріне мектебіміздегі оқушылар сақдай-сай дайын десек болады. Биыл мектебімізде жаңа модификацияланған 4 кабинет: химия (7430080 т), робототехника кабинеті (9956234, 40 т), физика кабинеті (8214080 т), биология кабинеті (7443228, 8 т) жалпы соммасы 33 043 623,2 теңгеге жасақталды. Бұнда интеллектуалды жұмыс жасауға қажетті заттармен заманауи құрылғылармен қамтамасыз етілген. Эпидемиологиялық жағдай аяқталғанда балалардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар, оқушылардың басым бөлігіне кітаптар үлестіріліп берілді, оқулықтары қолдарында. Жаңа оқу жылының алғашқы күніне дейін мектебіміздің оқушылары 100 пайыз оқулықпен қамтылатын болады.

Р. ҰЛЫҚПАНОВА,
Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназия директоры.

KAZINFORM © «ҚАЗАҚПАРАТ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ 2020 ЖЫЛ WWW.INFORM.KZ
МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2020 ГОД

2020–2021 ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ



**ӘРБІР АЙМАҚ, БІЛІМ БЕРУ
ҰЙЫМЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН
ОҚЫТУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН
ИНТЕРНЕТ-ПЛАТФОРМАНЫ
ӨЗДІГІНЕН ТАҢДАЙДЫ.**

**ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ
ФОРМАТЫНЫҢ АЯСЫНЛА
МҰҒАЛІМДЕР МЕН ОҚУШЫЛАР
СТРИМИНГТІК ЖҮЙЕЛЕРДІ
ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ.**



KAZINFORM © «ҚАЗАҚПАРАТ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ 2020 ЖЫЛ WWW.INFORM.KZ
МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2020 ГОД


2020–2021 ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
АТА-АНАЛАРЫ ӨТІНІШ БЕРГЕН ЖАҒДАЙДА,
ШТАТТЫҚ РЕЖИМДЕ ОҚЫТЫЛАДЫ.
АТА-АНАЛАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІН СЫНЫП
ЖЕТЕКШІЛЕРІ ОНЛАЙН-ФОРМАТТА
ҚАБЫЛДАЙДЫ.**



**МЕКТЕП ФОРМАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН
ТАЛАПТАР ӨЗГЕРМЕЙДІ.
БІРАҚ АТА-АНАЛАР БАЛАЛАРЫН
МЕКТЕПКЕ УАҚЫТША БАСҚА ДА ҰЫҒАЙЛЫ
КИІММЕН ЖІБЕРЕ АЛАДЫ.**


**МЕКТЕПТЕГІ КОМПЬЮТЕРЛЕР УАҚЫТША
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН БАЛАЛАРҒА БЕРІЛЕДІ.
ҚОСЫМША ТҮРДЕ КОМПЬЮТЕРЛЕР,
НОУТБУКТАР, ПЛАНШЕТТЕР САТЫП АЛЫНЫП,
ҚАБЫЛДАУ-ТАПСЫРУ АКТІЛЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ
ОҚУШЫЛАРҒА БЕРІЛЕДІ.**



KAZINFORM © «ҚАЗАҚПАРАТ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ 2020 ЖЫЛ WWW.INFORM.KZ
МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2020 ГОД

2020–2021 ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ

**ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ
ФОРМАТЫНДА БАСТАЛАДЫ
МЕКТЕПТЕРДЕ 1–4 СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН КЕЗЕКШІЛІК
СЫНЫПТАР АШЫЛАДЫ.**



**БІР СЫНЫПТА БІЛІМ
АЛАТЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ
САНЫ 15-ТЕН АСПАЙДЫ.**

**ОҚУШЫЛАР МЕН ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ДЕНЕ ҚЫЗУЫ КҮН САЙЫН ӨЛШЕНЕДІ.
ДЕНЕ ТЕМПЕРАТУРАСЫ НОРМАДАН ЖОҒАРЫ
БОЛЫП, АУРУ БЕЛГІЛЕРІ БАЙҚАЛСА,
ПЕДАГОГТАР ЖҰМЫСҚА ЖІБЕРІЛМЕЙДІ.
АЛ ОҚУШЫЛАР ҮЙГЕ ҚАЙТАРЫЛАДЫ.**



ОТ ЖАҒУ МАУСЫМЫ УЛЫ ГАЗДЫҢ ҚАУПІН КҮШЕЙТЕДІ

«Қыстың қамын жазда, жаздың қамын қыста ойла!» - деген ұғым бекер емес! Олай дейтін себебіміз, от жағу маусымының ауылы алыс емес-тігін еске салған жөн. От жағу маусымының басталысымен өрттің туындау және адамдардың тұншықтырғыш газбен улану қаупі жоғарылайды. Сондықтан, осы кезде өрт қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ең басты мәселе адам өмірі мен мемлекеттің мүлкін өрттен қорғау болып табылады.

Тұншықтырғыш газ (СО) дегеніміз – дәмі мен иісі жоқ түссіз газ, құрамында көміртегі бар кез келген отын, бензин, солярка, мазут, табиғи газ, көмір, ағаш отынының толық жанбауының өнімі болып табылады.

СО-мен уланудың көп таралған себептері:

- пеш пен жылыту пайдалану ережелерін бұзу – ақуалды түтіндік, пеш құрылысындағы жарықтар;
- қозғалтқыштың тұйықталған кеңістіктегі жұмысы, мысалы гараждағы автокөлік қозғалтқышы;
- бөлмені жылыту үшін тұрмыстық газ құралдарын пайдалану;
- газ бағаншасынан шығатын дұрыс циркуляциялы сорғыштың жоқтығы.

СО-мен улану белгілері:



Бастағы ауырлық пен тамыр соғуы, бас ауруы, тұншығу, құлақтағы шуыл, бас айналу, кеуде ауыруы, құрғақ жөтел, лоқсу, құсу, құлақ бітелу.

СО-мен улану кезіндегі алғашқы жәрдем:

1. Зардап шегушіні СО әсер ету аймағынан тез шығару, таза ауаның кіруін қамтамасыз ету (желдеткіш, есік ашу және т.б.);

2. Зардап шегуші есін білетін болса – мүсәтір спиртіні иіскету, денесін сылау, қою шай немесе кофе ішкізу, жедел жәрдем бригадасын шақыру;

3. Зардап шегуші естен танып қалса – есін жиганға дейін немесе жедел

жәрдем бригадасының келуіне дейін дереу қолдан дем алдыру қажет.

Біз жоғарыда от жағу маусымы кезіндегі қарапайым өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын келтірдік. Сондықтан ауданымыздың әрбір тұрғынына өрттерден түрлі зардаптар келмес үшін, сақтық шараларын орындау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескертеміз.

Сонымен қатар ең басты мәселенің бірі, ол ауданымызға газ құбырының жүргізілуі, осыған байланысты газ плиталарын, жылыту қазандықтарын орнату және пайдалану ережелері мен талаптарын қатаң түрде сақтау қажет.

Ойыл ауданының Төтенше Жағдайлар бөлімі

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕЛЕВИЗИЯНЫҢ ЦИФРЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Бүгінгі күні цифрлық эфирлік телевизия ел тұрғындарының 86,2%-ына қолжетімді. Жобаны іске асыру жоспарына сай, 2022 жылға қарай халықты жалпы қамту пайызы 95% -дан асады. Бұл, жақын арада Қазақстанның барлық тұрғындарына өздерінің көгілдір экрандарынан сапалы бейнені көру үшін бірдей жағдай жасалатынын көрсетеді.

Қазақстанда цифрлық жерүсті телехабар таратуды енгізу жөніндегі жобаны іске асыру 2012 жылғы шілдеде басталды. Қазіргі уақытта пайдалануға берілген РТС жалпы саны - 491 бірлік, ол 13 миллионнан астам тұрғынды қамтиды. Ұзақ өтпелі кезең тапсырманың күрделілігімен түсіндіріледі. Елдің «аналогтан» «цифрға» көшуі – қазіргі Қазақстанның ең ауқымды және бірегей жобаларының бірі.

Аналогты телехабар таратуды 100%-ға өшіру үшін бүкіл ел бойынша 827 радиотелевизиялық станция салу және жаңғырту қажет. Бірақ мұндай жұмыс көлемі мақсатты ақтайды: цифрлық телевизия жоғары сапалы кескін пен дыбыс алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар арналар мен бағдарламалардың үлкен таңдауын ұсынады. Ескі үлгідегі сигнал сыртқы әсерлерге өте осал келеді, мысалы, ол ауа-райының қолайсыздығына байланысты және қатты жел тұрғанда

жай жоғалып кетуі мүмкін. Цифрлық телехабар тарату сигналдың сапасы мен қорғанысының жоғары деңгейіне ие, ол ұзақ қашықтықтан қабылда-нады. Қазір аналогты хабар тарату бір таратқыш бір арна ұстанымы бойынша жұмыс істейді. Цифрлық бір таратқыштан көптеген арналарды таратуға мүмкіндік береді. Қарапайым тілмен айтқанда, арналар «қысылады» және 1 жиілікте «мультиплекс» арқылы беріледі. Көрсеткіштер үшін артықшылықтар айқын, сигнал сапасы, арналарды таңдау бұрынғыға қарағанда үлкен, ал тегін топтамаға кемінде 30 телеарна кіреді. Және де мұның бәрі ешқандай абоненттік төлемсіз.

Эфирлік телевизиядағы алғашқы жаңалықты Маңғыстау, Жамбыл және Түркістан, Алматы, Қостанай және Павлодар облыстарының тұрғындары сезінді. Отандастарымыз негізгі мультиплекс бойынша «QAZAQSTAN», «Хабар», «Хабар24», «BALAPAN», «ЕЛ АРНА», «QAZSPORT», «Kazakh TV», «Первый канал Евразия» сияқты Қазақстанның ірі телеарналары мен өңірлік бір телеарна кіретін сапалы телевизияны пайдалана алады.

Цифрлық хабар таратудың енгізілуімен отандық телеарналар да даму үшін жаңа серпін алады. Аналогты телевизияның мүмкіндіктері таусыл-

ды, ал жаңа телеарналар «аналогта» орын болмауына байланысты эфирге шыға алмайды. «Цифр» барлығының жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Мемлекет алдында шағын өңірлік телеарналарды қолдау міндеті тұр, сондықтан жыл сайын облыстық телеарналар бірінші, негізгі мультиплекске кіру конкурсына қатысып жүр. Алайда цифрлық желі бойынша тарату тарифіне сай кез келген қазақстандық арна цифрлық толқындағы қолжетімді арналар тізіміне кіре алады. Есесіне телекомпания тек мінсіз сапада үздіксіз хабар таратуды ғана емес, сонымен қатар ЕРГ түймесін басу арқылы кідірту және телешоулардың хабарландыруын көрсету сияқты телевизиялық хабар тарату жүйесіне қосымша функцияларды енгізу мүмкіндігін алады. Цифрлық жерүсті телехабар таратуды дамыту және абоненттерге сапалы сурет пен дыбыс беру, тұтастай алғанда бүкіл ел үшін де тиімді екені айқын.

Бүгінгі «цифрға» көшу – жалпы әлемдік тренд. Мысалы, Германия, Ұлыбритания, Испания, Швеция сигналды қайта форматтауды 20 жыл бұрын бастаған. Мұндағы басты басымдық – адамның өмір сүру сапасын, оның ішінде сапалы телевизия көмегімен жақсарту.



ЦИФРОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ КАЗАХСТАНСКОГО ТЕЛЕВИДЕНИЯ

На сегодняшний день цифровое эфирное телевидение доступно уже 86,28% жителям страны. Согласно плану по реализации проекта, к 2022 году общий процент охвата населения достигнет свыше 95%. Это говорит о том, что, скоро почти у всех жителей Казахстана появятся одинаковые условия в получении качественного изображения на своих голубых экранах.

Реализация проекта по внедрению цифрового наземного телевидения в Казахстане началась в июле 2012 года. В настоящее время общее количество введенных в эксплуатацию РТС - 491 единицы, которые охватывают более 13 миллионов жителей. Долгий срок перехода объясняется сложностью задачи. Переход страны от «аналога» на «цифру» - один из самых масштабных и уникальных проектов современного Казахстана. Для 100% отключения аналогового телевидения по всей стране необходимо построить и модернизировать 827 радиотелевизионных станций. Но такой объем работы оправдывает цель: цифровое телевидение позволяет получить изображение и звук высокого качества, а также предоставляет больший выбор каналов и программ. Сигнал старого образца очень уязвим для внешнего воздействия, к примеру, он зависит от

плохой погоды и в сильный ветер может попросту пропасть. У цифрового телевидения высокий уровень защиты и качества сигнала, он не подвергается на больших расстояниях. Сейчас аналоговое вещание работает по принципу: один передатчик – один канал. Цифровое позволяет трансляцию множества каналов на одном передатчике. Проще говоря, каналы «сжимаются» и передаются 1 частотой - «мультиплексом». Плюсы для телезрителей очевидны – качество сигнала, большой, чем прежде, выбор каналов, а бесплатный пакет может включать до 30 телеканалов. И все это без абонентской платы.

Первыми новшество в эфирном телевидении ощутили жители Мангистауской, Жамбылской и Туркестанской, Алматинской, Костанайской и Павлодарской областей. Соответственно получают качественное цифровое телевидение по основному мультиплексу, в который входят крупнейшие телеканалы Казахстана: «QAZAQSTAN», «Хабар», «Хабар24», «BALAPAN», «ЕЛ АРНА», «QAZSPORT», «Kazakh TV», «Первый канал Евразия» и один из региональных телеканалов.

Новый толчок для развития с введением цифрового вещания получают и отечественные телеканалы. Возможности аналогового телевидения

исчерпали себя, и новые телеканалы попросту не могут выйти в эфир из-за отсутствия мест в «аналоге». «Цифра» дает возможность работать всем. Перед государством стоит задача по поддержке небольших региональных телеканалов, поэтому ежегодно участие в конкурсе на включение в первый, основной мультиплекс принимают и областные телеканалы. Но войти в список каналов, доступных на цифровой волне может любой казахстанский канал – согласно тарифу на распространение по цифровой сети. Взамен телекомпания получает не только бесперебойное вещание в идеальном качестве, но и возможность вводить дополнительные функции в систему телевизионного вещания, такие как возможность нажать на пазу и вывести анонс телепередач посредством кнопки ЕРГ. Очевидна выгода и для всей страны в целом – это развитие цифрового наземного телевидения и предоставление абонентам качественное изображение и звук. Переход на «цифру» сегодня - тренд общемировой. К примеру, Германия, Великобритания, Испания, Швеция начали реформирование сигнала больше 20 лет назад. Главный приоритет тут – повышение качество жизни человека, в том числе, и с помощью качественного ТВ.

Газет Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және Даму
министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру
және Ақпарат комитетінде
2016 жылдың 21 қаңтарында
тіркеліп,
№15790-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1593 дана. Тапсырыс №1059
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2020 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы өкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан өкімі	Қыркүйек айының – 2, 9, 16, 23, күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі 43 Ойыл ауданы өкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Қыркүйек айының - 4 күні Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін	Ойыл ауылы Жолмырзаев көшесі №16 «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының ғимараты	2-12-19

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы өкімінің аппараты	Кенжебаев Асылан Кенжебайұлы, аудан өкімінің орынбасары.	Қыркүйек айының – 1, 8, 15, 22, 29 күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43	2-12-23
Ойыл ауданы өкімінің аппараты	Айдарбаев Мұратбай Болатұлы, аудан өкімінің орынбасары.	Қыркүйек айының - 3, 10, 17, 24 күндері . Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43	2-12-23
Ойыл ауданы өкімінің аппараты	Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан өкімі аппаратының басшысы	Қыркүйек айының – 4, 11, 18, 25 күндері. Уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43	2-12-23

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ ЖӘНЕ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ	Даулеткалиев Сандибек Токсанбаевич, Ойыл ауылдық округінің өкімі	Әр аптаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20
«Ойыл ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ	Қазмұханов Молдашқали Жұмағалиұлы Ойыл ауылдық округі өкімінің орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі, жұма, күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі өкімінің аппараты	Избасов Адилбек Жансерикович Округ өкімі	2,9,16,23,30 қыркүйек айы Уақыты: сағ.-10:00 ден – 12:30 ға дейін	Қаратал ауылы, Сүлеймен өулие көшесі №12	37-5-34 bersiev_79@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ-сінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. **Сенім телефоны 37 – 5 – 34** нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жөшік орнатылған.

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДАҒЫ ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
"Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі өкімінің аппараты" ММ	Сұлтанов Айбек Өтегенұлы Округ өкімі	3,10,17,24 қыркүйек сағ: 10 ⁰⁰ -12 ³⁰	Еңбеккерлер көшесі №6	73-6-01 akimat-karaoi@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
Қараой ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ-сінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. **Сенім телефоны 73 -6-01** нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жөшік орнатылған.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТІРЕГІ – АТА ЗАҢ!

КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ, ЕЛДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІН, ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН АЙҚЫНДАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰЖАТ - КОНСТИТУЦИЯ.

Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі.

Осыдан жиырма бес жыл бұрын, 30 - тамызда Қазақстан халқы тарихи шешім қабылдап, еліміздің құқықтық өміріндегі жасампаз жаңа дәуіріне қадам басқан еді. Содан бері қарай тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата заң - мемлекет пен қоғамда орын алып отырған барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басуына, дамудың қайнар бастауына айналды. Өткен 25 жылдан бері мемлекет пен қоғамның дамуындағы өзгерістер - демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығу талпыныстарының бөрі - Ата заң қағидалары негізінде жүзеге асырылып келеді. Тоқтала кететін тағы бір жайт, Қазақстанның Ата заңы өлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналады екен. Расында, бүкіл мемлекеттік құрылымды айқағайтын, елдіктің бастауы болып табылатын құжат енді ғана 25 жасқа толып отыр. Өрине, тарих ауқымымен айтқанда, бұл азғантай ғана мерзім. Десе де, осындай алмағайып заманда Қазақстанның Ата заңы уақыттың сынынан сүрінбей өтті, өзінің заман талабына лайықтығын жан-жақты дәлелдеді. Ал көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қазақстанның

Конституциясы өлемдегі жалпы-адамзаттық құндылықтарды дөрілтейтін ең үздік 50 конституцияның бірі болып саналады екен.

Бұның өзі Ата заңымыздың үлкен әлеуетін білдірсе керек. Тарихқа көрі шегінетін болсақ, тәуелсіздікке ие болған Қазақстанның ең басты қадамы Конституцияны қабылдаудан тұтастай алынды. Бұл туралы: «Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бізге бүгінгі өмір шындығымен және алдағы уақытпен бірге қадам басып, өткен ұрпақтың іс-тәжірибесі мен жарқын болашаққа деген сенімді жинақтаған

Негізгі Заң қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы ашық және демократиялық қоғам орнату-дың негізгі принциптерін баянды етуге тиіс болатын», - деп жазады Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» атты кітабында. Осылайша, ел егемендігінен кейінгі 1993 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы егемендік тарихындағы ең демократияшыл құжат болып табылған еді. Алғаш қабылданған 1993 жылғы Конституцияның мәні мен маңызына келетін болсақ, бұл Негізгі құжат Президенттің көрсеткен мақсаты бойынша төрт басты мәселеге жауап беруі және соған жағдай жасауы тиіс болатын. Оның біріншісі - мемлекеттік билікті басқарудың барлық жүйесін нығайту, екіншісін - экономикалық реформаны жүргізе отырып, елді сол кездегі терең дағдарыстан шығару, үшіншіден - жас мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыру, төртіншіден - ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін заңдық негіздерді Ата заңда көрсету. Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабында жазуына қарағанда, жоғарыда камтылған төрт мақсатты шешіп беретін баптар әуелгі Конституцияның жобасында барынша қамтылмады. Президент бұл ретте тұңғыш Конституция жобасы өуелден-ақ еліміздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық үдерістен алшақ қалғанын жазады. Сөйтіп, уақыт өте келе заман ағымы мен сұранысына қарай, Бас заңымыздың кейбір тұстары нарықтық қоғамдағы өзгерістерге сәйкес болмай шыққаны байқалды. Сондықтан да арада екі жыл өткенде 1995 жылы қазіргі Негізгі заң - Конституция қабылданды. Осылайша, тәуелсіздік жылдары Қазақстанның мемлекеттік айқын-даған Ата заң екі қайтара түледі. Өйткені 90-шы жылдардың басында Қазақстанның саяси-экономикалық жағдайы мүлдем басқаша болатын. Күні кешегі тарихи оқиғаларқа жүгінсек, жаңа Конституцияны қабылдау қарсаңында ұзақ мерзімді қызу жұмыстар атқарылды. Президенттің бастамасымен құрылған сарапшылар көптеген өлем елдерінің Конституцияларын, әсіресе XX ғасырдың екінші

жартысында қабылданғандарын мұқият сараптаудан өткізді. «Біз үшін дамудың өртүрлі сатыларында тұрған, сан алуан әлеуметтік-мәдени, ұлттық және басқа да ерекшеліктері, өр түрлі құқықтық жүйесі бар елдердің Конституциясы басты мәселені - тұрақтылықты нығайтудағы, халықтың өл-ауқатын жақсартудағы және демокра-тияны дамытудағы қол жеткен табыс-тарын ұғыну маңызды болды. Ізденіс географиясы да ауқымды болатын - ол Еуропаны, Азияны, Солтүстік және Латын Америкасын қамтыды. Мен өз басым тікелей өлемдегі жиырма елдің конституциясын талдап, олардан конспекті жасап алдым. Нәтижесінде, жаңа Конституцияның қажеттігі тура-лы шешім қабылдамас бұрын бізде бес жылдық жинақталған тәжірибе болды. Біз содан негізгі басымдық-тарды, мақсаттарды ажыратып, олар-ға жетудің құралдарын үйрендік. Конституцияны қабылдау қарсаңында ондаған жылдар бойы азаматтары-мыздың өлі-санасында қордаланып қалған стереотиптерді жою үшін, мемлекет пен қоғамды түбегейлі реформалау барысында пайда бола-тын көптеген объективті және субъек-тивті проблемаларды шешу үшін бірнеше жылға созылған табынды жұмыстар атқаруға тура келді. Иә, кейде біздің шешімдеріміз жартыкеш, ымырашыл сипатта да болды. Кез келген жаңа істе болатыны сияқты, қателіктер де жіберілетін. Осының бөрі сол кездерде анық өтпелі сипатта болған мемлекеттік институттар мен заңнамалық қызметтерден көрініс тауып отырды. Бірақ, сол бір қын-қыстау жылдарды еске алғанда, елімізді күрделі әлеуметтік катаклизм-дерге соқтырмай, аман сақтап, өлем-ді қауымдастықтың тең құқықты мүшесі ретіндегі осы заманғы мемле-кет құру үшін не керектің бөріні істеге-німе, мемлекетті құруға қызмет жаса-ғаныма сенімдімін», - деп жазады Елбасы кітабында. Сөйтіп, Тұңғыш Президенттің өзі ынталылық жасап, сол кездері Еуропа мен Азияның, Солтүстік Латын Америкасының барлығы 20-дан астам дамыған және дамушы елдерінің конституцияларын зерттеп, сарапал шықты. Сосын 1994 жылы өз қолымен Әділет министр-

Азат елдің, ар-намысы-Ата Заң

Еліне арналатын тілегі шын, Ей, ұлым – Отанымның түлегісің! Іргесін туған елдің тіреп тұрған Қадірін Ата Заңның білемісің?! Ешкім де мін таға алмас елдігіме! Дауласып жармаспайды белдігіме. Бойында Ата Заңның өріліп тұр Даламның кеңдігі де, теңдігі де! Бағынған өз заңына жұмыр ғалам, Сондықтан Күннен Жерім суынбаған. Қоғамның сан саласын реттейтін Өрбір заң Ата Заңнан туындаған. Бастайтын болашаққа бақ кемені, Осы жол халықтың да нақ сенері! «Халқыма адалмын!» деп Ата Заңға Елбасы қолын қойып Ант береді. Болғанмен бұл Өмірде айлан күшті, Ел үшін кім тындырар қайран істі?! Елдің дамуы мен дағдарысы Ол-дағы Ата Заңға байланысты! Нұр шашқан жас ұрпақтың ұғымына, Тікелей өсер еткен ғұмырына Айналды Ата Заңым мызғымайтын Тәуелсіз мемлекеттің тұғырына! Өр бабы, өр тармағы жойылмайды, Шектеу де және тегін қойылмайды! Келісім-шарт жасасқан барлық шет ел Қазақтың Ата Заңын мойындайды! Өмірден өділдік пен бақ табатын, Құқығым қорғалды деп шаттанатын, Өзіңдей жас өркендер келеді өсіп «Бұл біздің – Ата Заң» деп мақтанатын! Өркендеп өз қолына алған ісі, Биікке қазағымның самға, құсы! Халық боп қадір тұтып, қастерлеген Ата Заң – Азат елдің Ар-намысы! Айбатыр Сейтақ

Жаңа оқу жылында ата-аналар балаларды мектепке алып келіп, үйіне өзі алып кетуі керек. Сабақтар ара-сындағы үзілістер өр сыныпқа өр түрлі уақытта беріледі. 2020-2021 оқу жылына дайындық аясында мектеп өкімшілігі мен сынып жетекшілері ата-аналарға оқу жылы-ның қалай басталатынын өгей-тег-жейлі түсіндіріп, сұрақтарға жауап берді, деп хабарлады білім және ғы-лым министрлігінің баспасөз қызметі. Онлайн өткен ата-аналар жиналы-сы барысында сынып жетекшілері оқушыларының қандай оқыту форма-тына басталатынын түсіндірді. Жаңа оқу жылы қашықтан білім беру форма-тында басталады. «Ата-аналардың өтініші бойынша бастауыш сынып оқушылары мектеп-ке барып оқи алады. Бұл ретте білім алушылар мен педагогтердің дене қызуы күн сайын өлшенеді. Кезекші сыныпта созылмалы аурулары жоқ балалар ғана білім ала алады», - делінген хабарламада. Бір сыныпта оқушы саны 15-тен аспайды. Өтініштерді сынып жетек-шілері қолжетімді байланыс құрал-дары арқылы қабылдайды. «Кезекші сыныпқа» қабылдау 25 тамызда

басталады. Бұдан бөлек, санитарлық-эпидеми-опиялық жағдайы қолайлы ауылдық елді мекендерде оқу процесі санитар-лық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, дестүрлі форматта жүргізі-леді. Ата-аналар балаларды мектепке алып келіп, үйіне өзі алып кетуі керек. Кезекші сыныптарда сабақтың ұзақ-тығы 40 минут болады. Сабақтар ара-сындағы үзілістер өр сыныпқа өр түрлі уақытта беріледі. Өрбір екінші сабақтан кейін каби-неттерде және өр үзілістен кейін, ауы-сымдар арасында, дәліздерде, холп-дарда ылғалды тазарту жұмыстары жүргізіледі. Мектеп асханасы мен бу-феттің қызметі уақытша тоқтатылды. Білім беру ұйымдары зарарсыздан-дыруға арналған құралдармен, аяқ киімді зарарсыздандыруға арналған кілемшелермен, санитайзерлармен қамтамасыз етіледі. «Мектеп формасына қойылатын талаптар жойылмайды, бірақ тиісті бұйрыққа уақытша өзгерістер енгізі-леді. Яғни ата-аналар жаңа оқу жылында (1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін) баласын мектепке мектеп формасымен немесе басқа

ыңғайлы киіммен жіберуге қатысты шешімді өзі қабылдайды», - деп түсіндірді мамандар. Шағын жинақты мектептерде оқи-тын оқушылардың ата-аналарына да санитарлық шараларды сақтау қажет-тілігі туралы айтылды. Айта кетейік, білім және ғылым министрлігі қандай да бір білім беру интернет-платформасын таңдауға қатысты шешім қабылдамайды. Өрбір мектеп қашықтан оқытуды ұйымдас-тыруға негіз болатын интернет-платформаны өзі таңдайды. Өткен оқу жылының төртінші тоқ-санындағыдай, дүйсенбіден жұмаға дейін «Балапан» және «Ел-Арна» республикалық телеарналарында қосымша білім беру ресурсы ретінде пайдалану үшін телесабактар көрсетіледі. Сонымен қатар карантиндік және шектеу шаралары жағдайында 1-11(12) сыныптарда оқу жетістіктерін бағалау жүйесіне қатысты уақытша өзгерістер енгізілді. Жаңа оқу жылы-нда тоқсан сайын бөлім үшін 1 жиынтық жұмыс және тоқсан үшін 1 жиынтық жұмыс жүргізіледі. Тоқсандық бағалау күнделікті бағалау, БЖБ және ТЖБ көрсеткіштері негізінде шығарылады.

микалық даму, үшіншіден - қазақ-стандық патриотизм, төртіншіден - маңызды мәселелерге референдум жасау және Парламентте дауыс беру арқылы шешу. Міне, осы төрт мәселе біздің республикамыздың негізгі принциптері болып саналады. Осы төрт мәселені Ата заңымыздың бірін-ші бабында енгізу арқылы Қазақстан-ның жан-жақты дамуына жол аша жағдайымызға сәйкес келетін ең прогресшіл шетелдік тәжірибелерді барынша толық пайдаланған еді. Сондықтан да, кімде-кім еліміздің Негізгі заңының рұқы мен маңызын терең түсінісі келсе, оны жасаудын, қалыптастырудың тарихын жақсы білуі керек», - деген болатын. Ал бүгінгі Ата заңымыздың басты ерек-шелігі қандай? Осы мәселеге терең-нен үңілетін болсақ, Парламент Мемжілісінң депутаты Алдан Смайл бұны Елбасы ұсынысымен енгізілген төрт ұстанымда жатқандығын алға тартады. «Расын айтайын, бұндай позицияларды енгізуге сол кезде бірқатар заңгерлер де қарсы болған еді. Өйткені, өлем елдері конститу-цияларының кіріспесінде бұндай баптар жалпы кездеспейді. Ал жаңағы төрт ұстанымға келетін болсақ, бұл біріншіден - қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, екіншіден - эконо-

мен парызы болуы тиіс. Ең бастысы, Қазақстан Тәуелсіздігінің 29 жылға таяу дамуындағы бүгінгі жетістік-терінің баршасы Ата заңымыздың тиімділігін анық айқындап отыр. Конституция 29 жылдық тәуелсіз дамуға сеп болып қана қойған жоқ, Құжаттың нормативтік әлеуеттері де халыққа талай қызмет етіп, демокра-тиялық, құқықтық мемлекеттіліктің одан өрі беки түсуіндегі прогресс жолында мығым заңдық негіз болып қала бермек. Осы тұрғыдағы ойымыз-ды Елбасының сөзімен аяқтасақ: «Конституцияны қатаң ұстану - бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру - бұл демократияның ең жоғары мектебі. Бұл мектептен барлығымыз өтуге тиіспіз. Біздің міндет - Конституцияға аса уқытылықпен қарау. Өзіміздің елімізді, өзіміздің тарихымызды, өзіміздің жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай аялауы-мыз керек. Конституцияны сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасақ, онда қоғамдық келісімге, төртікке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни мұндай жағдайда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ».